



АСҚАЗАН СӨЛІН ЗЕРТТЕУ



? Асқазанның сөлін зерттеу (қарынның секреторлық функциясын тексеру) — асқазанның шырышты қабығының функционалдық және морфологиялық жағдайын зерттеуге, сондай-ақ асқазанның эвакуаторлық функциясын болжамды бағалауға ерік беретін негізгі тәсілдердің бірі.



**? АСҚАЗАНДЫҚ
СЕКРЕЦИЯНЫ СИПАТТАУ
ҮШІН ТҮРЛІ ТҮТІКТІК
ЖӘНЕ ТҮТІКТІК ЕМЕС
ТЕКСЕРУ ТӘСІЛДЕРІ КЕҢ
ҚОЛДАНЫЛАДЫ.**





? ТҮТІКПЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ АСҚАЗАННЫҢ СЕКРЕТОРЛЫҚ (ҚАРЫН СӨЛІНІҢ МӨЛШЕРІ), ҚЫШҚЫЛ ТҮЗЕУШІ ЖӘНЕ ФЕРМЕНТ ТҮЗЕУШІ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУДЕ МАҢЫЗДЫ. АСҚАЗАНДЫ ТҮТІКТІК ЗЕРТТЕУДІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ БІР САҒАТ БОЙЫНА ҚАРЫН БЕЗДЕРІ СЕКРЕЦИЯСЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ (БАЗАЛДЫҚ СЕКРЕЦИЯ).



? Зертханаларда түтіктік зерттеу кезінде секрецияны ынталандыру үшін пациенттерге тері астына дәрілік стимуляторлар енгізіледі (гистамин, гисталог, пентагастрин және т.б.). Асқазандық секрецияның химиялық тітіркендіргіштері зертханалық талдауға жарамды, таза асқазан сөлін алуға ерік береді.



**? ТҮТІКСІЗ ТӘСІЛ (ЗӘРДЕН
УРОПЕПСИНДІ АНЫҚТАУ,
ДЕСМОИДТЫ СЫНАМА
НЕМЕСЕ ИОНДЫҚ АЛМАСУ
ҚАРАМАЙЫМЕН ТЕСТ -
АЦИДОТЕСТ)
БАҒДАРЛАУШЫ МӘН
ИЕЛЕНЕДІ.**



ҚАҚЫРЫҚТЫ ТЕКСЕРУ



Бактериологиялық және микроскопиялық зерттеуге ауыз қуысына санация жүргізген соң қақырықты алады.

Бактериологиялық және антибиотикалық сезімталдығын анықтау үшін қақырықты арнайы залалсызданған ыдысқа жинайды. Қақырықта туберкулез қоздырғышын анықтау үшін (Кох таяқшасын) қақырықты үш күн қайтара тексереді.

Микроскопиялық зерттеуде қақырықтың түсін, құрамын, мөлшерін, иісін анықтап сипаттама береді.



? Қақырық сілекейлі, іріңді, қан аралас болуы мүмкін. Қақырықтың құрамы бронхтағы және өкпедегі патологиялық дәрістерді көрсетеді. Өкпе қабыну ауруларында қақырық сілекейлі, иіссіз болады. Бронхоэктаздық ауруда, өкпе абцесінде қақырық іріңді, жиіркенішті иісті болып келеді. Бронх демікпесінде қақырық шыны тәрізді, жабысқақ, аз мөлшерде қиын түседі. Құрамында Шарко-Лейден кристалы, Куршман шиыршықтары анықталады. Өкпе іріңді ауруларында, туберкулезде, өкпе қатерлі ісігінде қақырықта қан кездеседі.



**? ӨКПЕ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНДЕ ҚАҚЫРЫҚТА
ҚАЛЫПТАН ТЫС (АТИПИЧТІК) ТОРШАЛАР
БІЛІНЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР
БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
МИКРОБТАР МЕН ҚАТАР ПАТОГЕНДІК
САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРДЫ ТАБАДЫ.**

